



АЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№49 (111) 5 желтоқсан 2025 жыл

● ТӘУЕЛСІЗДІК НӘТИЖЕСІ

«СЕН НЕТКЕН БАҚЫТТЫ ЕДІҢ, КЕЛЕР ҰРПАҚ!»

«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ, қараймын келбетіңе мен таңырқап», деп әйгілі ақын Қасым Аманжолов айтқандай, біз – бақытты ұрпақпыз. Екі ғасырдың тоғысында өмір сүріп жатырмыз. Кеңестік кезеңнің күрделі белестерінен өттік: бір жайтты естіп, бірін естімей, бірін біліп, бірін білмей жеттік. Ал қазір – егемен елдің алғашқы онжылдықтарындағы дамудың куәсіміз. Шекарамыз нақтыланды, Астанамыз салынды.

Бүгінде еліміздің ғылымы мен білімі заман талабына сай жаңарып, қарқын ала түсті. Жас ұрпақ ең алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алып, түрлі саланың дамуына үлес қосып келеді. Бұл – тәуелсіздіктің нақты нәтижесі, ел болашағына салынған берік негіз.

Бір жағынан, жылдар бойы қалыптасқан артық шүкіршілік, пен-дешілік әдет, ашкөздік сияқты қа-

Аз-кем жетістігімізге мақтанбай, межемізді және талғамымызды әрқашан биік ұстауға талпынуымыз қажет. Тілімізді ғана емес, дінімізді де сыйлап, қастерлей білуіміз керек. Алайда кейбір жағдайлар, ханафи мазһабында жоқ ағымдарға еліктеп, қыздарымыздың бет-бейнесін бүркеп қара жамылуы, ұлдарымыздың білім алудан гөрі жат қылықтарға бей-

Біз – өз дініміз бен тілімізге ғана емес, барлық отандастарымызға жағдай жасап отырған елміз. Қазір көптеген жастарымыз үш, тіпті одан да көп тілдерді игерген. Ана тілімізді, яғни мемлекеттік тілді толық меңгермеген жастарға ата-анасы мен ортасы қолдау көрсетсе, шетел тілін игерген адам үшін ортақ тілді меңгеру қиындық тудырмайды.

Бір кезде Ресейде кейбір адамдар француз тілінде сөйлегенді мақтан тұтатын. Қазір бізде де орыс тілінде сөйлегенді дәреже көретіндер бар. Қазақстан халқының басым бөлігі орыс тілін біледі, бұл да – бір байлығымыз. Дегенмен алдымен өзінді, ұлттыңды, тілінді сыйлай білуіміз керек. Қазақтар қазақпен өз тілінде сөйлесетін уақыт болды.

Білімді, еңбекқор, отансүйгіш ұлтжанды жастарды тәрбиелеу ел болашағы үшін аса маңызды. Жастар осы қасиеттерге ие болу үшін ғаламтордан алған білімінен бөлек, ғылыми, әдеби, тарихи және мәдени салалардағы кітаптарды да пайдалану керектігін түсінуге тиіс. Тек жан-жақты дамыған адам өзіне де, ортаға да, отанға да тиімді және пайдалы қызмет көрсете алады.

Бір қуанышты жайт – бүгінгі жастар білімге құштар әрі белсенді. Көбі жаңа заман талаптарына сай ойлай біледі және «үкімет маған не береді?» деп көп қусырып отырған жоқ. Өскең ұрпақ жеке кәсіпкерлікке бейім, жаңа технологиялар мен техниканы тез меңгереді. Мамандық таңдауда да елеулі өзгеріс байқалады: жастар заманауи сұранысқа ие, болашағы зор мамандықтарға бет бұрып жатыр.

Президентіміз жариялаған «Жаңа Қазақстан» идеясы жастарға қоғам өмірінің барлық саласында бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашып отыр. Осы орайда айта кетейін, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен айда жасаған маңызды халықаралық іссапарлары Қазақстанның сыртқы саясатындағы беделін айқындап берді. АҚШ басшысы Дональд Трамптың шақыруымен Вашингтонға сапары барысында Қасым-Жомарт Кемелұлына көрсетілген жоғары құрмет Қазақстан Президентінің халықаралық аренадағы рөлін айқындайды. Сол сапарда бірнеше миллиард доллар көлеміндегі стратегиялық келісімдерге қол қойылып, Қазақстан мен АҚШ арасындағы қатынастар жаңа стратегиялық деңгейге көтерілді. Америкадан оралғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Мәскеуге мемлекеттік сапармен барып қайтты. Құдай қосқан көршілеріміздің Қасым-Жомарт Кемелұлына көрсеткен достық жылы ықыласын ақпарат құралдары жарыса жазды, көрсетті. Өзбекстан, Қырғызстанға барған сапарларында да елдер арасында экономикалық интеграцияны нығайтуға бағытталған маңызды меморандумдарға қол қойылды. Мемлекет басшысының сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды көздейтін, парасаты және батыл саясатын жоғары бағалап, қолдауымыз қажет.

(Жалғасы 2-бетте)

● ЕСЕП БЕРУ ЖИНААЛЫСЫ

Іле ауданына қарасты Байкент ауылдық округінің Мәдениет үйінде Ардагерлер ұйымы Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовтың қатысуымен Іле ауданы Ардагерлер ұйымының және осы аудандағы «Асыл ана» қоғамдық ұйымының қорытынды есеп беру жиналысы өтті.

БІР ЖЫЛҒЫ ТІРЛІК ТАРАЗЫҒА САТЫНДЫ



Жиынға Іле ауданы әкімінің орынбасары Қуат Қарабайұлы, аудандық мәслихат төрағасы Мұхит Кәрібаев, Ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұрат Жандосұлы, бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық ұйымдардың төрайымдары мен мүшелері, «Алатау жастары» ұйымының, ақсақалдар алқасының өкілдері және ауыл белсенділері қатысты.

Жиынды Боралдай кенті ардагерлер ұйымының төрағасы Нұрлан Шорманов жүргізіп отырды.

Алғаш сөз кезегін алған Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев бір жыл ішінде атқарылған істерге шолу жасап, аудандағы бастауыш ардагерлер ұйымдарының үйлесімді жұмысын баяндады. Қарттарды қолдау, мерекелік және тәрбиелік бағыттағы шаралардың атқарылғаны айтылды. Әлеуметтік бастамалар, ұйымшылдық тәртіп пен ынтымақтастықты арттыру бағытында істелген жұмыстар қорытындыланды.

Одан кейін мінбеге көтерілген аудандық «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрайымы Бағдат Бейсенбекқызы өзінің саласы бойынша жасаған қорытынды есебінде «Асыл ана» ұйымының жыл бойғы атқарған іс-шараларына тоқталды. Оның ішінде отбасы құндылықта-

ды. Жарысөзге шыққан Ақсай ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрайымы Бижамал Қасымбекқызы, Күрті ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Әнифолла Есенбеков, Ащыбұлақ ауылдық округінің «Асыл ана» ұйымының төрайымы Жанар Қойшыбайқызы, «Алатау жастары» ұйымының, ақсақалдар алқасының өкілдері және ауыл белсенділері қатысты.

Қорытынды сөз кезегін алған Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы сөз басында-ақ аудан ардагерлер ұйымының жүйелі жұмысын жоғары бағалады. Ұрпақ сабақтастығы, қоғамдық тұрақтылық пен тәрбие берудегі аудан ардагерлерінің рөлін атап өтті. Алдағы уақытта да бірлік пен белсенділікті сақтап, жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Есеп беру жиынының соңына қарай қоғамдық жұмыстарды атқаруда белсенділік танытқан жекелеген ардагерлерді марапаттау рәсімі болып өтті. Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов «Алматы облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін ардагер Нұрсейіт Бәкірұлының кеудесіне тақты. Бірқатар ардагерлер аудан әкімі Қайыржан Жақсым-



рын насихаттау, қайырымдылық, мәдени-тәрбиелік кездесулер аталып өткенін тілге тиек етті.

Ауылдық округтердегі «Асыл ана» қоғамдық ұйымдар мүшелерінің жастармен бірлесе атқарған жұмыстары баяндалды. Аналарды қоғам өміріне тарту, ұрпақ тәрбиесі бағытындағы бастамалар қорытындыланды.

Аудан әкімдігі тарапынан ардагерлер мен «Асыл ана» ұйымдарына қолдау жалғасатынын аудан әкімінің орынбасары Қуат Қарабайұлы өз сөзінде айтып өтті. Ол сол секілді әлеуметтік бастамаларды бірге жүзеге асырудың маңызына тоқталды. Осыдан кейін жарысөз бастал-

бетовтің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Өз әріптестерінің еңбегін бағалауда аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы да сырт қалмай, қоғам жұмысына белсене араласқан ардагерлерді алғыс хаттарымен марапаттады.

Жиын соңында Ащыбұлақ ауылдық округінің батагөй ақсақалы Әбдуәлі Шелекбаев барша қатысушыларға ақ батасын беріп, бір жылғы атқарылған тірлік таразы басына салынып, оң нәтижесін алып, жиын мәресіне жетті.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.
Іле ауданы



сиеттер, екінші жағынан, ноктаға үйренген малдай жуастық, айналаға – көршілерімізге жалтақтай қарау секілді мінездер әлі де түрлі себептермен еркін қимылдауымызға белгілі бір шектеу болып отырғанын да мойындауымыз керек.

Кең-байтақ жеріміз бар, жер қойнауы қазынаға толы. Халқымыз да көп емес. Осындай мүмкіндіктерді көріп, «Неге біз бұдан да жақсы өмір сүрмейміз? Неге кейбір араб елдеріндегідей деңгейге көтеріле алмадық?», деп сауал қоятындар табылады. Бұл – орындар сұрақ.

Жылдам дамып, байыған елдер ең бірінші өз өмірін қажетті заңдармен қамтамасыз етіп, сол заңға түгелдей бағынып өмір сүре алған халықтың арқасында өркендеді. Екіншіден, мұндай елдердің басында геосаяси мүмкіндіктерді терең ескеріп, оны тиімді бағытта ұстай білген, өзге мемлекеттермен байланысты тек халықтың жағдайын жақсарту үшін пайдаланған басшылары болды. Үшіншіден, өскең ұрпақты жан-жақты білім алып, тілдерді меңгеріп, озық ғылымға қызығушылық танытатын, өз елінің шынайы патриоты болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлінген. Өткенге сын көзбен қараумен қатар, егемендіктің ең қиын кезеңдерінен өтіп келе жатқанымызды да тереңірек түсінсек екен деймін.

Бізде қазір жоғарыдағы үш бағытқа мүмкіндік бар ма? Иә, бар. Қалғаны – өз қолымызда. Бірінші бағыт барлық мәселені қамтиды. Екінші бағыт бойынша әлемдік деңгейде мойындалған тәжірибелі саясаткер, елге жаңа серпін беріп отырған басшымыз бар. Үшінші бағыт – біздің болашағымыз.

ім болуы көңіл кынжылтады. Көп жыл бойы солтүстіктегі көрші елдерге еліктеп, мұсылмандықтан алыстап қалғанымыз рас, енді қайтадан қазаққа жат әсіреңкілікті, жаман әдеттерді қойсақ екен.

Жұма күндері өрімдей жастардың мешіттің маңына сыймай жүргенін көргенде олардың жұмысы мен сабағы қайда екен деп ойлайсың. Тіпті кейбірі мектеп оқушылары екенін де байқауға болады.

Дінге құрметпен қараймын. Мен – мұсылманша жоғары білім алған, мешіт ұстап, Құран үйренген молданың немересімін. Сонау 80-жылдары араб елдерінің бірінде біраз жыл қызмет істеп, аздап тілін де меңгергенмін. Сол елдің халқы негізінен бірегей, әдеттегідей киінеді. Ал біздің қыз-келіншектеріміз, керісінше, халқымызда бұрын-соңды болмаған, көзге жат, бет жауып, бас орап, түрі де түсі де үйлеспейтін киімдерді жиі киетін болып барады. Бұл көрініс ойлантады, дәстүр мен қазіргі заман сәнінің арасында күрделі шекара барын түсінесің. Осыларды көргенде «Атын шықпаса жер өрте» деген мақал ойға орала береді. Жастарымызды дүмше діншілдік пен діни радикализмнен тек жан-жақты білім сақтап қала алады деп есептеймін.

Тіл жойылса, ұлт та жойылады. Ұлты жоқ мемлекетте терең тамырлы тарих та болмайды. Қай мемлекеттің де негізі – халқы мен мемлекеттік тілі. Көп этносты мемлекеттерде сол ұлттың тілі мен мәдениетіне қолдау көрсетілмесе, олар әлсірейді. Алдымен аты-жөндері сақталады, кейін тілі мен мәдениеті, діні әлсірейді, ал соңында ұлт тек атын ғана сақтап, ақырында жойылады.

ТӘУЕЛСІЗДІК НӘТИЖЕСІ

«СЕН НЕТКЕН
БАҚЫТТЫ ЕДІҢ,
КЕЛЕР ҰРПАҚ!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ендігі мақсат – осы мүмкіндіктерді ұтымды және тиімді пайдаланып, Жаңа Қазақстанның іргетасын қалауға бағытталған жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру. «Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих, оқулығы әлі жұп-жұқа бірақ тағы», деп әйгілі Қадыр Мырза Әлі ақын айтқандай, жазылмаған, жазылғаны оқылмаған, бұрмаланған, тіпті құрдымға кетіп бара жатқан тарихымыздың терең екенін, тарихи ақиқатты өскелең ұрпақ білуі керек. «Біз қазақпыз» атты өлеңімдегі:

«Тарихымыз тереңнен басталатын,
Жалғасты, кезі бітіп бос қалатын.
Жетеміз әлі талай белестерге,
Біз қазақпыз, қазақпыз, саспа, халқым!»

деген жолдар осындай ойдан туған еді.

Жастарымыз әлем әдебиетінің озық үлгілерін оқып қана қоймай, өзіміздің әдебиетімізбен де сусындаса, өзіне және өмірге қажет рухани байлыққа қол жеткізер еді. Бұл жерде қаламгерлеріміздің айлар, тіпті жылдар бойы отырып жазған еңбектерін кейде жариялауға көмек іздеп, қысылып қалатыны да – ойландыратын жағдай. Мұндай қиындық мәдениет саласында да әлі аз емес, ал олардың шешімдері – уақыт еншісінде.

Аты бар да заты жоқ күйде болған Ғылым академиясының қайтадан өз орнына оралуы көңіл қуантады. Қазақтың біртуар азаматы Қаныш Имантайұлы құрған ғылымның қарашанырағынан халықтың күтері көп.

Мұның бәрі менің жеке пікірім ғана. Сөз соңында айтарым, қазақта «Біреу келіп, біреудің қазанына ас салмайды» деген мағыналы сөз бар. Әр адам, әсіресе өскелең ұрпақ, өз бақытын алдымен өзі іздеуге тиіс. Өз елімізде, өз жерімізде өмір сүріп отырған, мүмкіндігі мол халықпыз. Біз бақыттымыз!

Бактықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
Мәжіліс депутаты, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ



Алатау қаласының қоғамдық кеңес мүшесі, Қоянқұсықшам ауданының ардақты азаматшасы Сейітбекова Жанар Ұзақбайқызы – ел игілігі үшін елеулі еңбек етіп жүрген тұлға. «Өз ісіне адалдық» төсбелгісімен марапатталған Жанар ханым – халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған жан.

талған, әрбір сөзі халықтың жүрегінен шыққан үнге үндес. Қоғамдық кеңестегі қызметі арқылы әкімшілік пен халық арасындағы байланысты нығайтып, ел ішіндегі үйлесімділікті арттыруға зор үлес қосып келеді. Осындай жанашыр, адал, парасатты тұлғалар ел болашағының жарқын болуына кепіл болары сөзсіз. Жанар Ұзақбайқызы – қоғамдық кеңес мүшесі ғана емес, елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын шын мәнінде халықтың

Адалдықтың
айнасы

Ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын тыңдап, олардың мәселесін шешуге белсене атсалысып жүрген ол – елдің сеніміне ие болған адам. Әсіресе, білім саласына деген жанашырлығы ерекше. Мектептердегі түйткілді жайттарды назардан тыс қалдырмай, шешу жолдарын ұсынуда белсенділік танытып келеді. Қоғамдық тәртіп, жастар тәрбиесі секілді маңызды мәселелерде де Жанар Ұзақбайқызының үні естіліп, әрекеті көрініп жүр. Оның әрбір бастамасы ел мүддесіне бағытталған, әрбір сөзі халықтың жүрегінен шыққан үнге үндес.

Жанар ханымның бастамасымен және тікелей араласуымен ауылда бірқатар маңызды әлеуметтік мәселелер шешімін тапты. Соғыс ардагерінің құрметіне көше атауы беріліп, ел тарихына тағзым жасалды. Жол белгілері орнатылып, көшелерге асфальт төселіп, жарықтандыру жүйесі жаңартылды. Бұл-ауыл тұрғындарының күнделікті өмір сапасын арттырған игі істердің бір парасы ғана. Ауылдың мұқтаж азаматтарына көрсетілген көмегі оның адамгершілік пен қамқорлықты ту еткен тұлға екенін дәлелдейді. Әсіресе, мектепке газ кіргізу мәселесін шешуге атсалысуы – болашақ ұрпақтың игілігі үшін жасалған маңызды қадам. Жанар Ұзақбайқызының әрбір әрекеті – елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Ол тек кеңес мүшесі емес, елдің сенімін арқалаған, адалдық пен жауапкершілікті серік еткен азамат. Осындай тұлғалар елдің еңсесін тіктеп, болашаққа сеніммен қарауға жол ашады. Ол – елдің ертеңі үшін еңбек етіп жүрген ардақты жан.

Риза САУЫРБАЕВА,
Алатау қаласының қоғамдық кеңес төрайымы.

ҚҰРМЕТ

ҰСТАЗДАР ЖОЛЫ–ӨНЕГЕ!

Үш жоғарғы білімі бар қоғам белсендісі капитан Алжанбай Әсет Көшербайұлы Еңбекшіқазақ ауданындағы Ащыбұлақ аулындағы А.Н. Бүбенцов атындағы орта мектепте көп жыл істеп, 2013 жылы зейнетке шықты. 28 жылда Әсет ағамыз аудандағы әскери оқытушыларға ағалық ақылын айтып, өткізген кездесулерін газет-журналдарға жазып, көп жылғы іс-тәжірибесін таратып келеді. 2013 жылдан бері зейнеткер жаста болса да, ауданда өтетін іс-шара, кездесу-жиындарды әр жыл сайын ұйымдастырып, өткізіп жүрген әскери маман. Талдықорған қаласынан шығатын «Алатау» қоғамдық саяси газетінің бас редакторы Баян Тұңғатарова ардагер оқытушы ұстаз Әсет ағамен арнайы сұхбат өткізіп, № 43 газеттің 8, 9 беттеріне ағаның еңбек жолы туралы жазылған сұхбатын суретімен толық шығарды. Әсет аға мен Нұрғайша жеңгей-аудан, облысқа танымал ардагер оқытушы ұстаздар.

«Ұстаз - ұлттың шамшырағы, жастарды оқытып, тәрбиелейтін тұлға» деген қанатты сөз дәл Әсет аға мен Нұрғайша жеңгемізге арнайы айтылғандай. Өмір жолдарын жас ұрпақ тәрбиесіне, ел мен жерге адал қызмет етуге арнап келгені анық. Әрбір өткізген сабағында жастар бойына намыс пен рух қасиеттерін сіңіріп, олардың елжанды азамат пен азаматшалар болып қалыптасуына зор үлес қосты. Әлі де аудан, облыс деңгейінде әр жыл сайын әскери патриоттық тәрбиеге байланысты кездесу-жиын өткізіп келеді. Ол кісінің еңбегі тек мектеп қабырғасымен шектел-

мей, қоғамдық және әлеуметтік өмірде де айқын көрініс табуда. Әскери патриоттық іс-шаралардың ұйтқысы болып, аудан мектептеріндегі оқушы жастардың бойында елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру мен әскери-патриоттық тәрбиені дамыту ісіне ерекше үлес қосып келеді. Зейнеткер жасындамын деп үйде отырмай, аудан ақсақалдары арасында белсенділігімен танылған оқытушы ұстазды аудандағы ұстаздар қауымы жақсы таниды. Белсенді өткізген өз ісі арқылы ол аудан жастарының рухани және азаматтық тұрғыдан дамуына өз үлесін қосып келеді.

75 пен 70 жастың құрметіне арнайы шақырылған тойға көпшілікке танымал қонақтармен бірге батагөй ақсақалдар бастаған туған-туыс, ел-жұрт, әскерде бірге болған жора-жолдас, көршілер, бала келіндері, қыздары, күйеу балалары, немерелері қатысты. «Алты алаштың басы қосылса, төр ұстаздікі» деген жақсы сөзді басшылыққа алғандар, қос оқытушы ұстазға ақ тілектерін айтып, сыйлықтарын беріп, құрмет көрсетті.



Әсет ағаның жалпы еңбек өтілі 55 жыл болса, Нұрғайша жеңгеміздің 45 жыл ұстаз басшы болған өмір жолдары, балалардың оқушы, студент болған жылдарынан бейнебаян көрсетіліп, қатысқандарды тәнті етті. Халықаралық «Бейбітшілік Өлемі» творчестволық бірлестігінің президенті, Қазақстан жазушылар, Әлем жазушылар Одағының мүшесі, профессор, академик генерал-майор Әбен Нұрманов «Халық мұғалімі» медалімен бірге «Дипломмен» марапаттады. Республикалық «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкері, спорт ардагері, профессор Ерболат Алия-

дин Әсет ағаны «Ұлы дала батыры» орденімен, Нұрғайша жеңгемізді «Асыл ана» орденімен марапаттады. Халықаралық Д.А.Қонаев атындағы қорының вице-президенті, Желтоқсан ардагері, Алматы облысы мен Балқаш ауданының «Құрметті азаматы», сазгер, актер, запастағы полковник Дәулетбек Жанботаев Әсет ағаға шекпенін жауып, құрмет көрсетті. Еңбекшіқазақ аудандық мәслихат төрағасы Бекет Ахметов «Алғыс хатпен» марапаттады. 68 жылдан аса тарихы бар «Шелек политехникалық колледжі»

МКҚК директоры Қуат Дүйсебаев «Алғыс хат» тапсырып, шекпен жапты. Балалары әке-шешесіне «Сарағаш» шипажайға барып емделуге және демалуға жолдама табыстады. Келген қонақтар балалары мен немерелеріне риза көңілдерімен алғыс айтты. Әке-шешелерінің оқытушы ұстаздық жарқын жолын жастарға, студент бала-шағасына берсін деген жақсы тілектер де айтылды. Ауданға, ауылға танымал батагөй 88 жастан асқан Кесикбаев Балтабай ата алыс-жақыннан алтын уақыттарын бөліп келгендерге «ақ батасын» берді.

Әділбек КӨПШІЛБАЕВ,
Ж.Қайыпов ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы.
Еңбекшіқазақ ауданы.

ТІЛ МЕНҒЕРУ

Қандастар-әлемнің әр түпкірінде қазақ атын сақтап жүрген, ұлттық құндылықты жалғап келе жатқан үлкен күш. Біз қара шаңырақ, атажұртқа деген жүрек жарды сағынышпен, Отанымызға ел үшін, ұрпақ үшін, тіл үшін оралдық.

Қандастарға
қамқорлық

Дей тұрғанмен ана тілімізде таза сөйлесек те, кирилица жазуын, қазақтың әліпбиін білмейтіндігімізді жасырмаймыз. Түіе қомында туып, ат жалын тартып мінген қарға тамырлы қазақтың тарихы, тілі өте тереңде жатыр. Қазақ елінің сөздік қоры мол, бейнелеу қуаты күшті, әлемдік деңгейге көтерілу алдында тұрған қасиетті, сегіз қырлы, бір сырлы бейбіт ел. Осыған байланысты 2025 жылы қыркүйек айында Алматы облысының басшыларының, мамандарының ұйымдастыруымен қандастарға тілді үйрену, жазу туралы жиналыс басталып, Қарасай ауданының түкпір-түкпірінен хабар алған қандастар орталыққа қарай ағылып келді. Кездесу өте мазмұнды әрі мағыналы жағдайда өтті. Қарасай аудандық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының меңгерушісі Оразалиева Жанар ханым сөз алып, жалпы жағдайды егжей-тегжейлі таныстырып, қандастардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Оразалиева Жанар өз сөзінде орталықтың басты мақсаты-тіл үйренуге ниет білдіргендерге, соның ішінде қазақ тілінде жазуды оқыту екенін айтты. Яғни, тіл орталығында мультимедиялық құралдар арқылы жазу, оқу сөйлесу дағдыларын дамытуға болады екен. Бұл үшін оқу материалдары, әдістемелік құралдар жеткілікті екен.

Бұл жиында барлығы арқа-жарқа болып, болашаққа деген сенімдерін нықтай түсті. Іс-шараға жасы жиырмадағы азаматтардан бастап, алпысты алқымдаған қариялар да қатысты. Көбі ана тілін білгенмен,қазақ жазуын, әліпбиін білмейтін еді. Қазіргі таңда бірқатары өздері жазып, оқитын дәрежеге жете бастады, өйткені қандастар үшін жұмысқа орналасу үшін жазуды білу өте маңызды.

Бұларды ескерген Жанар ханым курс барысында халыққа қызмет көрсету орталығы, көші-қон, ауыл шаруашылық, экономика және қаржы бөлімі, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, тұрғын үй шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы, «Атамекен» кәсіпкерлік бөлімі, мансап орталықтарының мамандарымен кездестіріп, олардан сабақ тындауға, ортаға бейімделуге мүмкіндік жасады. Сөйтіп қандастар әр сала қызметтерінің қыр-сырымен танысып, әрі қарай өз жұмыстарын алып кетуге алғы шарт әзірледі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні демекші, кездесу, сұхбат ұйымдастырған Алматы облысының басшыларына, «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшыларына, қызметкерлеріне айрықша алғысымыз шексіз. Біз әрқашан елмен біргеміз!

Болат ӘСЕЙІНҰЛЫ,
Қарасай ауданы.

ВETERАНЫ МВД

Династия Калдыбаевых: СЛУЖЕНИЕ ЗАКОНУ — ДЕЛО ЧЕСТИ

В системе внутренних дел Алматинской области особое место занимает семья Калдыбаевых - настоящая династия, для которой служение правопорядку стало семейной традицией, делом жизни и источником гордости.

Основателем династии является Мукатай Ахметсафулы. Он начал службу в органах внутренних дел в 1958 году и посвятил ей более 25 лет. За эти годы прошёл путь от оперуполномоченного ОБХСС до руководящих должностей, заслужив глубокое уважение коллег и граждан. Его добросовестный труд неоднократно отмечался благодарственными письмами, почётными грамотами и ведомственными нагрудными знаками. Особую ценность имеет и настоящая боевая награда — орден Красной Звезды, полученный им в мирное время, когда он занимал должность начальника Илийского РУВД. Подобные награды вручают далеко не каждому — это знак по-настоящему выдающихся заслуг.

Мукатай родился в непростые 30-е годы в селе Коктерек Талдыкорганской области. Его отец, Калдыбаев Ахметсафа, до 1917 года окончил Ташкентскую духовную семинарию и получил сан муллы. После революции он занимался общественной деятельностью, а в 1944 году вышел на пенсию по инвалидности.

С 1954 года Ахметсафа проживал в Семипалатинской области и служил в Семипалатинской мечети (ныне — город Семей, административный центр новой Абайской области). Ахметсафа скончался в 1973 году.

Мама, Калдыбаева Сагида, происходила из простой крестьянской семьи и работала на Иртышском медеплавильном заводе. В 1942 году она скончалась, и Мукатай осиротел в 12-летнем возрасте.

В 1937 году Мукатай начал учёбу в начальной школе Каскеленского района. После смерти матери он, окончив семь классов, вместе с отцом переехал к родственникам в Талдыкорганскую область, в колхоз имени Максима Горького. Уже с 14 лет он трудился на различных полевых работах в колхозе.

Время было непростое: Великая Отечественная война ещё не завершилась, рабочих рук, особенно мужских, остро не хватало. Учитывая эти обстоятельства, а также грамотность, трудолюбие и аккуратность юноши, руководство хозяйства и района назначило его, по сути ещё мальчишку, исполняющим обязанности секретаря Коктерекского сельского совета.

В конце 1945 года Мукатай рекомендует на должность секретаря народного суда Бурлю-Тобинского района, а позже он работает там же судебным исполнителем. В сентябре 1948 года, окончив заочное отделение Алма-Атинской юридической школы, он был принят в аппарат областного управления юстиции в качестве консультанта-статистика и ревизора.

В 1950 году Калдыбаев был призван в ряды



Советской Армии и проходил службу в воинской части под Ташкентом. После демобилизации работал заведующим юридической консультацией Бурлю-Тобинского района.

В 1958 году районный комитет партии направил товарища Калдыбаева на работу в органы милиции, и он начал службу оперуполномоченным ОБХСС (отдел по борьбе с хищениями социалистической собственности) Бурлю-Тобинского райотдела милиции. В 1959 году он заочно окончил юридический факультет КазГУ. После прохождения курсов



переподготовки был назначен заместителем начальника районного отдела милиции Эмбекши-Казахского района (именно так он назывался в то время). Позже занимал должности начальника Кегенского и Илийского РОВД Алматинской области.

В течение шести лет Мукатай Ахметсафулы возглавлял ГУВД города Капшагай (ныне — город Кунаев).

В 1978 году Мукатай Калдыбаев был выдвинут на должность начальника отдела БХСС УВД Талдыкорганской области. Он успешно сочетал службу в органах с постоянным повышением профессиональной под-

готовки наш герой всегда ставил в приоритет служение закону, долгу и присяге.


Даже выйдя на пенсию, Мукатай Ахметсафулы не мог оставаться без дела. Он работал старшим консультантом по кадрам в Министерстве юстиции Казахской ССР, а также являлся членом Талдыкорганской областной коллегии адвокатов.

Мубарак, взявший фамилию своего деда — Ахметсафина, ныне полковник в отставке. В своё время он прошёл путь от сотрудника ОБХСС Илийского РОВД (к слову, как и его отец) до ответственных должностей в правоохранительных, партийных и исполнительных органах власти.

Он вспоминает: «Я — из поколения 50-х годов советской молодёжи, выросшей в оптимистичное послевоенное время. Как и многие мальчишки, мечтал быть лётчиком. Но позже приоритеты изменились.

Помню, будучи маленьким, я попал на конный выезд маршрута моего отца. Тогда папа был начальником Кегенского РОВД — это пограничная зона на границе Казахстана и Кыргызстана, покрытая лесами и горами. Отец, в форме, верхом на лошади, лично объезжал всех пасечников, животноводов, пастухов на жайлау, чтобы познакомиться с людьми, побеседовать, попросить быть особо внимательными к посторонним, подозрительным гражданам и транспортным средствам.

Повсюду его встречали с уважением, приглашали на чай на прекрасной природе у подножий Северного Тянь-Шаня. Думаю, именно тогда я впервые подумал, что тоже хочу



быть похожим на папу — статным, красивым, уверенным человеком».

«Отец о своей работе много не рассказывал — он практически постоянно находился на службе и даже в выходные редко бывал дома. Такова была специфика его непростой должности: забота об охране общественного порядка, постоянный оперативный контроль ситуации, круглосуточная связь с первыми лицами района.

Лишь позже, когда мы повзрослели, мы узнали, что у отца была целая коллекция наград и поощрений. Среди них — Грамота Верховного Совета КазССР, знаки “Отличник

милиции” и “Заслуженный работник МВД”, орден Красной Звезды, более десятка медалей СССР. В то время, сами понимаете, такие награды просто так не вручали.

Его волевые качества — дисциплина, выдержка, решительность, коммуникативность, стремление к знаниям и лидерские способности — всегда выделяли его среди других. Руководя большими коллективами, отец собственным примером показывал важность спорта и физической подготовки для стражей порядка: он по утрам бегал многокилометровые кроссы.

После выхода на заслуженный отдых, к сожалению, отец прожил недолго — в возрасте 58 лет его сердце перестало биться. В память о нём одна из улиц в посёлке Лепсы Талдыкорганской области названа его именем».

Семья Калдыбаевых была многодетной. Вместе с супругой Кульжаухар Мукатай воспитал восьмерых детей — пять мальчиков и три девочки. Пятеро из них пошли по стопам отца и посвятили себя работе в правоохранительной системе и юстиции.

Старший сын, Калдыбаев Мукарам, после окончания Карагандинской школы милиции добросовестно служил в органах МВД, юстиции и суда, а также некоторое время занимал руководящие должности в системе Министерства юстиции Республики Казахстан.

Про Мубарака мы уже говорили выше: ныне он является ветераном МВД, членом Общественного движения по противодействию коррупции и активно участвует в просветительской работе, посещая школы, колледжи и вузы. Рассказывая молодежи о важности в жизни человека правовой грамотности.

Калдыбаев Муббашир — преподаватель юридического колледжа в Талдыкоргане. Калдыбаев Мансур — полковник полиции в отставке, прошёл все этапы службы в системе МВД и занимал должность старшего оперуполномоченного по особо важным делам при НЦБ (Национальное центральное бюро) Интерпол-Казахстан.

Младшая дочь, Меруерт Мукатайқызы, майор полиции, вышла на пенсию в 45 лет по выслуге лет. Все дети Калдыбаевых, проработавшие в правоохранительных органах, юстиции и сфере образования, имеют десятки поощрений и наград — один лишь их перечень занял бы полстраницы печатного текста.

Сегодня они — почётные пенсионеры, но остаются активными гражданами своей страны.

Своим мнением поделился Абдымурза Сатпаев, житель города Конаев, однокашник Мубарака Ахметсафина и, к слову, внештатный корреспондент «Алатау ардагеры»:

«Это очень воспитанная и дружная семья, в прямом смысле — династия. Свое начало она берет от Мукатай Ахметсафулы и Кульжаухар Ибрайқызы, которые вырастили и воспитали достойных детей. Все они являются истинным примером патриотизма, служения выbranному делу и родине».

Рамазан ЕЛЕШЕВ.

АУЫЛ АЗАМАТТАРЫ

ЕЛ БІРЛІГІН ОЙЛАҒАН АТАЛАР

Мен Қарасай ауданына қарасты Жалпақсай ауылында тұрамын. Жасым 75-тен асты. 1956 жылдары қазіргі Жалпақсай (бұрынғы Политотдел) ауылының негізін қалаған, топ бастаған, көпке сөзі өтетін, әділ шешім айтатын, елге қадірлі болған аталарымызды кейінгі жастар біле жүрсін деп осы мақаланы жазып отырымын.

Олар жайлы айтсам, әсіресе Ұлы Отан соғысының ардагері болған, көріпкелдігімен, емшілігімен аты шыққан Керімбек атаның ауылда орны бөлек. Ақылды, парасатты Керімбек ата болашақты болжай білетін көріпкел болған. Сонымен қатар ауылдастарын үнемі бірлікке, татулыққа шақырып, кез-келген даулы мәселені әділдік таразысына салып шешіп отырған. Керімбек ата өмір сүрген тұста ауылда тәртіп бұзушылар, бұзақылық жасағандар, ерлі-зайыптылардың ажырасуы мүлде болмаған екен. Дау-дамайлы жағдайлардың өзін Керімбек ата сыртқа жаймай ауыл ішінде шешеді екен.



Ұлы Отан соғысының ардагері ауылдың ардақты азаматы Мәсімхан Жетпісбаев көп оқыған сауатты адам болыпты. Көргені де, тоқығаны да мол Мәсімхан ауылдың барлық мәселесіне араласатын. Ол кісі құжаттарға өте мұқият болды. Шежірелерді жазып, хаттап отыратын. Ауылымызға Темірхан ата келген соң ақсақалдар жиналып, Тоқбала апаның жаздық бөл-



месін жөндеп, алғаш рет намазға жығылып едік.

Ұлы Отан соғысының ардагері Әбітай Жартыбайұлы жайына келсек, ол кісі 1941 жылы майданға алынып, 1 Украин майданында барлаушы болады. Жеңісті Польшада қарсы алады. Елге аман-есен оралған соң мұғалім, колхоз бригадирі қызметтерін атқарады.

Әбітай Жартыбайұлы бір ша-

буыл кезінде снаряд түскен топырақ үйіндінің астынан жараланған адамды тауып алып, арттағы санитарларға жеткізген екен. Сол кезде өзінің аты-жөнін толық жазып, жаңағы жігіттің құжаттарының арасына салып жібереді. Кейін соғыс біткен соң жараланған жігіт Жалпақсайдан Әбітай ағаны іздеп табады. Сөйтсе ол жігіт те осы жақтың тумасы болып шығады. Соғыстан соң оқу бітіріп, Қаскелең қаласына прокурор болып келген екен.

Әбітай аға мен жұбайы Бегімжан Рақышқызының көп жыл балалары болмайды. Өздеріне бола тоқтамаған соң Әбітай аға Керімбек атаға маған көмектес деп, қолқа салады. Сонда Керімбек ата дұғаны оқып, Әбітай ағаға «аузыңды аш» дейді. Содан соң Әбітайдың аузына Керімбек ата түкіріп жібереді де, «осы түкірікті жұтып қой» деп бұйырады. Бірақ, Әбітай түкірікті қиналып, әрең жұтады.

Сол кезде Керімбек ата: «Әттеген-ай, түкірікті жиркенбей жұтқанда ұлды болатын едің, қиналып әрең жұттың, бұйырса әйелің қыз туады, -депті.

Айтқандай-ақ, бір жылдан соң яғни 1954 жылы Әбітайдың шаңырағында Дина есімді қыз бала дүниеге келеді. Динаның бүгінде көзі тірі. Жалпақсайда ұлымен бірге тұрады. Өзінің ит көйлегін 71 жылдан бері сақтап келеді. Ит көйлегінің қызыл түсі сол қалпында сақталған екен. Менің өмірімде өзінің ит көйлегін 71 жыл сақтаған адамды бірінші рет көрдім.

Әбітай аға ұзақ жыл білім саласында еңбек етсе, жұбайы Бегімжан Рақышқызы колхоз төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған екен. Екеуі де Жалпақсайдың гүлденіп-көркеюіне өз үлестерін коесты.

Міне, мен жоғарыда біраз аталарымды айтып өттім. Ол кісілердің барлығын көзім көрді, атқарған еңбектерін білемін. Сол аталарыммен мақтанамын. Өйткені, олардың барлығы да ел бірлігін ойлаған ақылман ақсақалдар еді.

Гүлсара САҒЫМБЕКОВА.
Алмалыбақ ауылы.
Қарасай ауданы.

ЖАСТАР МІНБЕРІ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ
ЕЛ ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Бүгінгі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауын тыңдадық.



Қамтылған тақырыптардың барлығы да өте өзекті. Соның ішінде Президентіміздің «Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек» «Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған. Бірақ, агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өнімнің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек. Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар. Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін әлдеқайда арттыруда. Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді», - деді.

Біздің ауданымыз ауылшаруашылығы саласымен тығыз байланысты екені анық. Халықтың негізгі күнкөріс көзі де сала. Сол себепті ауылшаруашылығы саласына жаңа серпіліс беру халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін беретіні белгілі.

Бауыржан Баубек Бауыржанұлы,
Райымбек аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Антибиотиктер - оң және теріс жақтары

Антибиотиктер – бактериялық инфекцияларды емдеуде қолданылатын ең тиімді дәрілік заттардың бірі. Олар адамның денсаулығын сақтауда, қауіпті жұқпалы ауруларды тоқтатуда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, дұрыс қолданылмаған жағдайда антибиотиктер денсаулыққа зиян келтіріп, антибиотикке төзімділікті (резистенттілік) қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан олардың артықшылығы мен қауіптерін білу – қоғам үшін өте маңызды.

Антибиотиктердің оң жақтары:

- Бактериялық инфекцияларды тиімді емдейді.
 - Пневмония, ангина, отит, менингит сияқты ауруларды қысқа мерзімде басуға көмектеседі.
 - Асқынулардың алдын алады.
 - Уақытында тағайындалған антибиотик қауіпті асқынулардың дамуына жол бермейді.
 - Өлім-жітімді азайтады.
- Бұрын емделмейтін көптеген аурулар антибиотиктердің арқасында толық жазылады.
- Хирургиялық операцияларда қорғаныш рөлін атқарады.
- Операциядан кейінгі іріңді асқынулардың алдын алу үшін профилактикалық мақсатта қолданылады.
- Қоғамдық денсаулықты қорғауға үлес қосады.

Жұқпалы аурулардың таралуын тежеп, эпидемиологиялық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі.

Антибиотиктердің теріс жақтары:

- Антибиотикке төзімділіктің қалыптасуы.
 - Артық немесе дұрыс емес пайдалану нәтижесінде бактериялар антибиотикке бейімделіп, дәрі әсер етпей қалуы мүмкін. Бұл – қазіргі таңда әлем бойынша үлкен қауіп.
 - Жанама әсерлер туғызуы мүмкін.
 - Аллергиялық реакциялар, іш өту, жүрек айну, бауыр мен бүйрекке салмақ түсуі сияқты әсерлер жиі кездеседі.
 - Ішек микрофлорасын бұзады.
- Антибиотиктер пайдалы бактерияларды да жояды, бұл дисбактериозға, иммунитеттің төмендеуіне әкелуі мүмкін.
- Вирустық ауруларға әсер етпейді.
- Тұмау, ЖРВИ, коронавирус сияқты вирустық инфекцияларға антибиотик көмектеспейді. Мұндай кезде орынсыз қолдану тек зиян келтіреді.
- Өзін-өзі емдеудің қаупі.

Дәріні дәрігер кеңесінсіз қолдану дұрыс дозаның, емдеу ұзақтығының бұзылуына әкеліп, жағдайды нашарлатуы мүмкін.

Антибиотиктер – адам өмірін сақтап қалатын маңызды медициналық құрал. Алайда оларды тек дәрігердің нұсқауы бойынша, қажетті жағдайда ғана қолдану қажет. Әрбір азамат антибиотиктерге жауапкершілікпен қараса, антибиотикке төзімділіктің алдын алып, жұқпалы аурулармен күресте тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ

ЖАС ҚАЛА ЖАСЫЛ ҚАЛА БОЛУҒА ТИІС

Бүгінгі таңда әлем жұртшылығын алаңдатып отырған басты мәселенің бірі – экологиялық қауіпсіздік. Ауа мен судың ластануы, табиғи ресурстардың азаюы, тұрмыстық қалдықтардың көбеюі адамзаттың келешегіне тікелей әсер етуде. Бұл жағдай Қазақстан үшін де өзекті. Әсіресе жаңа құрылған, қарқынды дамып келе жатқан қалалар үшін экология мәселесі бірінші кезектегі басымдықтардың бірі саналады. Соның жарқын мысалы – Алатау қаласы.

Жас қала жасыл қала болуға тиіс. Осы ұстанымды негізге алған Алатау қаласының тұрғындары мен әкімдігі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсене қатысып келеді. Бұл акция – еліміздің барлық өңірлерінде ұйымдастырылып жатқан кең ауқымды бастама. Оның мақсаты – табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілікті арттыру және азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанның экологиялық жағдайы – тек мемлекет қана емес, әрбір азамат үшін маңызды мәселе. Біз экологияны сақтау арқылы болашақ ұрпақтың өмірін қамтамасыз етеміз», – деп атап өткендей, бұл бағытта тек мемлекеттік органдар емес, бүкіл қоғам жұмыла әрекет етуі қажет.

Алатау қаласында «Таза Қазақстан» акциясы аясында бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылуда. Қала аумағында жалпықалалық сенбіліктер ұйымдастырылып, тұрмыстық қалдықтардан арылту жұмыстары қарқын алған.

Сонымен қатар, қаланың білім беру мекемелерінде оқушыларға экологиялық тәрбие беру ісі жолға қойылған. Мектептер мен балабақшаларда арнайы сабақтар, байқаулар, сурет көрмелері өткізіліп, жас буынның табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі қалыптасуда.

Алатау қаласы әкімдігі қала тұрғындарын экологиялық бастамаларға белсенді қатысуға шақырады. Себебі қоршаған ортаны қорғау – тек мемлекеттік деңгейдегі іс емес, әрбір азаматтың азаматтық борышы. Өз үйінің маңайын таза ұстау, қоқысты сұрыптап тастау, ағаш егу сынды қарапайым істер арқылы біз табиғатты сақтап қана қоймай, ұрпаққа үлгі бола аламыз.

Экологиялық қауіпсіздік бұл жай ғана ұран емес. Бұл – қала тұрғындарының денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер ететін басты фактор. Сондықтан да, Алатау қаласының болашағы таза қоршаған ортада, салауатты қоғамда екенін ұмытпайық.

Біз табиғатпен үйлесімде өмір сүрсек, болашағымыз да баянды болмақ. «Таза Қазақстан» бұл – болашаққа бастар жол.

Риза САУЫРБАЕВА,
Алатау қаласының қоғамдық кеңес төрағасы.



эпидемиологиялық ошақтарда бақылау шараларын күшейту.

Паротит (шошқа мойын) — асқынулары ауыр инфекция

Паротит сілекей бездерінің ұлғаюымен, дене қызуымен сипатталады. Асқынулары — менингит, орхит (ер балаларда бедеулікке әкелуі мүмкін), панкреатит.

Алдын алу:

Ұлттық еке күнтізбесі бойынша паротитке қарсы вакцина алу;
балалар ұжымдарында санитариялық талаптарды сақтау;
науқастарды 10 күнге дейін оқшаулау.

Вакцинация — ең тиімді қорғаныс

Қызылша, қызылша және паротиттен қорғайтын ең тиімді және қауіпсіз әдіс — құрамдастырылған КПК вакцинасы. Бұл вакцина 12 айда және 6 жаста тегін егіледі. Екпе алған адамдардың иммунитеті күшті болып, қауіпті инфекциялардан сенімді қорғанады.

Вакцинация деңгейінің төмендеуі үш инфекцияның да таралу қаупін арттырады. Ұжымдық иммунитет қалыптасқанда, жұқпа тізбегі үзіледі және аурудың өршуі тоқтайды. Бұл әсіресе екпе ала алмайтын сәбилерді, иммунитеті әлсіз адамдарды қорғауға көмектеседі.

Қызылша, қызылша және паротит — алдын алуға болатын аурулар. Уақытылы вакцина алу, санитариялық талаптарды сақтау және эпидемиологиялық қадағалау шараларын күшейту арқылы біз бұл инфекциялардың таралуын төмендетіп, қоғам денсаулығын сақтай аламыз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

Қызылша, қызылша,
паротит
сырқаттанушылығының
алдын алу

Қызылша, қызылша және паротит — ауа-тамшылы жолмен тез таралатын, жұқпалылығы өте жоғары вирустық аурулар. Бұл инфекциялар әсіресе балалар арасында жиі кездеседі және дер кезінде алдын алмаса, қауіпті асқынуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан аталған аурулардың алдын алу — қоғамдық денсаулықты қорғаудың маңызды бағыты.

Қызылша — жоғары жұқпалы инфекция

Қызылша вирусы адамға өте тез жұғады: бір науқас адам айналасындағы 12–18 адамға дейін жұқтыра алады. Ауру дене қызуымен, бөртпемен, жөтелмен, әлсіздікпен басталады. Асқынулары — пневмония, отит, энцефалит.

Алдын алу:

12 айда және 6 жаста МӘМС күнтізбесі бойынша қызылшаға қарсы вакцина алу;
науқаспен байланыста болған адамдарды уақытша оқшаулау;
мектеп, балабақшада эпидемиялық қадағалау жүргізу.

Қызылша — жүктілер үшін өте қауіпті

Қызылша едетте жеңіл түрде өтеді, бірақ жүкті әйел үшін өте қауіпті. Жүктіліктің алғашқы триместрінде вирус ұрықтың даму ақауларына (туа біткен қызылша синдромы) себеп болуы мүмкін.

Алдын алу:

репродуктивті жастағы әйелдердің вакцина алғанын тексеру;
жүкті жоспарламас бұрын қызылшаға қарсы иммунитетті анықтау;

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алатау-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400
Тапсырыс №2658
Индексі – 65472.

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ